

№1 салым.

«ҚТЖ»ҰК»АҚ 2011 фрахт жылға бекітілген халықаралық қатынастарында жүк тасымалдауға арналған Қазақстанның темір жол тарифтік саясаты ставкаларына төмендету коэффициенттерінің тізімі:

2011 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі кезеңге:

2000 км-ден жоғары қашықтыққа ірі тонна контейнерлерді тасымалдауға арналған меншікті (жалға алынған) мамандандырылған платформаларда әмбебеп ірі тонна контейнерлерде жүк тасымалдауларына – 0,84;

үстеменің 11 графасында «контейнерлер жүк тиеуге берілген» деген белгісі болған жағдайда Достық экс. Және Ақтау-Порт-экс. станциялары бағытындағы барлық транзиттік телімдерде ірі тонна контейнерлерді тасымалдауға арналған меншікті (жалға алынған) мамандандырылған платформалардағы бос тасымалдауларға - 0,6.

2011 жылғы 13 ақпаннан 31 желтоқсанға дейінгі кезеңге:

«ҚТЖ» ҰК»АҚ үшін рефрижераторлық секция вагондарын қолданғаны және «РОТ» МТБ бригадалары қызмет ететін қызметтік бөлмесі бар автономдық рефрижераторлық вагондарын қолдану үшін көлемі 1 тиелген вагонның жүру километріне 0,60 швейцар франкін төлеу ставкасын төмендеткен жағдайда Тәжікстан Республикасынан Қазақстан Республикасы аумағында транзитпен рефрижераторлық секция және «РОТ» МТБ бригадалары қызмет ететін қызметтік бөлмесі бар автономдық рефрижераторлық вагондармен келе жатқан тез бұзылатын жеміс-көкөністі өнімдерін (ГНГ 0701-0709, 0803-0809, 12129100) тасымалдау-0,6.

2011 фрахт жылғы 1 сәуірден 31 желтоқсанға дейінгі кезеңге:

2000 км-ден жоғары қашықтыққа ірі тонна контейнерлерді тасымалдауға арналған меншікті (жалға алынған) мамандандырылған платформаларда әмбебеп ірі тонна контейнерлердегі бос тасымалдауларына – 0,84;

Келесі көлемдердегі:

Қырғызстан – 16 мың тоннан кем емес;

Өзбекстан – 308 мың тоннан кем емес;

Тәжікстан – 41 мың тоннан кем емес;

Түркістан – 16 мың тоннан кем емес кепілді жинақталған тасымалдау көлемін орындаған жағдайда Қырғызстаннан, Өзбекстаннан, Тәжікстаннан және Түркіменстаннан вагон бойынша мақта (ГНГ 5201, 5202, 5203) тасымалдауларына – 0,92.